

**ПРОБЛЕМЫ  
ПРАВОПРИМЕНИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
(АДМИНИСТРАТИВНЫЕ, УГОЛОВНЫЕ, УГОЛОВНО-  
ПРОЦЕССУАЛЬНЫЕ, ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНЫЕ,  
КРИМИНАЛИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН  
ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТТЕР: ЖАУАП АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ  
(ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІ)**

*Ирубаева А.Т.,*

*ҚР ӘДМ ҚАЖК Академиясы қылмыстық құқық және іс жүргізу кафедрасының бастығы, заң  
ғылымдарының кандидаты, әділет подполковнигі*

Саяси ғылымда терроризм мәселесі белсенді зерттелуде. Әлемдік жаһандық құбылыс ретінде, әлемдік қауіптер қатарында ғалымдар мен сарапшылар терроризмнің түрлі қырларын және латентті белгілерін зер сала зерттеуде. Себебі терроризм әлемдік саясаттың күрделі мәселелерінің қатарында тұр. Қазіргі терроризмнің әлемдік қауіп ретіндегі табиғатын, оның Қазақстанның қауіпсіздігі мен тұрақты дамуына зияндығын және елдегі терроризмнің болу қаупінің алдын алу шараларын ұйымдастырудың стратегиялық міндеттері Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерінде күн тәртібіне қойылады /1/.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм және терроризм көріністеріне қарсы күрес саясатын қалыптастыру мәселесі танымдық қана емес практикалық маңызы зор мәселелер қатарында, себебі бұл мәселе елдің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей байланысты. Ашық қоғам орнатып, дамып жатқан Қазақстанға әлемдік қауымдастықта болып жатқан негізгі үрдістер әсер етуде. Әлемдік жаһандану құбылысындағы қайшылықтар мен қауіптер Қазақстанға өз ықпалын тигізеді. Ондай қауіп-қатерлер елдің мемлекеттігіне зиянын тигізбеуі үшін, оларға жауап беретін шаралар жүйесін ұйымдастыратын кешенді саясат қажет.

Евразия континентінің ортасында Батыс пен Шығысты жалғастырып жатқан Қазақстан үшін терроризмді болдырмау мемлекеттік қауіпсіздік кепілі. Қазақстан Республикасының негізгі заңында идеологиялық және саяси әралуандылық танылады, мемлекеттік органдарда партия ұйымдарын құруға жол берілмейді. Қазақстан Республикасының Ата заңында еліміздің құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады делінген.

Айта кететін жайт, діни экстремизмді және оған қарсы тиісті әрекет жасауды түсіну үшін құқықтық негіз болатын тиісті заңдардың республика деңгейінде болмауының әсерінен іс жүзінде өз азаматтары мен қазақстандық қоғамды толыққанды мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асыруға мүмкіндік болған жоқ. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының субъектілері осы мәселелерді тиісті шектеулер мен тыйымдар салусыз дербес түрде шешуге мұқтаж болған. Осының негізінде 2005 жылғы 18 ақпанда Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы әрекет ету туралы» №31 Заңы және 1999 жылғы 13 шілдеде Қазақстан Республикасының «Лаңкестікке қарсы күрес туралы» №416-1 Заңы қабылданды /2/.

Экстремизмнің барлық нысандарын дефиницияда заңды түрде бекіту қажет болып тұр, оның ішінде ең мән салатыны дін ниетіне негізделген. Жалпы айтқанда, осы сұрақты қарастыру үшін жол беретін және сол жолмен діни-саясаттық экстремизмді тудыратын себептерді нақты анықтау үшін тәртіпті ретке салу, сондықтан оқиғаларды одан да нақтырақ болжау және экстремизмнің аталған түрінің алдын алудың тиімді жолдарын табу болып отыр.

Заң әдебиетінде «діни экстремизм» ұғымы кеңінен қолданылады. Бірақ, осы анықтама жеке авторлар жағынан әділ келіспеушілікті туғызып отыр. Экстремизм – өте күрделі қоғамдық-саяси құбылыс. Экстремизмнің негізгі объектілері – өмір, денсаулық және адамдардың бостандығы. Ол бүкіл адамзатқа және қоғамға қауіпті. Экстремизмнің философиялық және саяси әдебиеттерде анықтамасы жоқ /3/.

Шетелдік арнайы қызмет орындары, лаңкестік және экстремистік ұйымдар, қылмыстық қоғамдастықтар дүниежүзі бойы белсенді түрде исламдағы ваххабизм түбегейлі ағымның идеяларын халықтың санасына сіңіріп, іске асырып тұр, түрлі лаңкестік әрекеттерге оқытып, экстремистік актілерді қаржыландырып отырады (ҚР ҚК-нің 233-3-б.). Біздің республикамыздың аумағы мен шекарасының пайдалы орналасуы шетелдік арнайы қызметкерлеріне республикадағы жағдайды тұрақсыздандыруға жол береді.

Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік жалдамалы тұлғалардың және эмиссарлардың (шабармандар) болуы басқа да экстремистік қылмыстардың жасалуына жол береді: ҚР күзетілетін мемлекеттік шекарасынан әдейі заңсыз өту (ҚР ҚК-нің 330-б.), заңсыз көші-қонды ұйымдастыру (ҚР ҚК-нің 330-2-б.), құжаттарды, мөртанбаларды, мөрлерді ұрлау немесе бүлдіру (ҚР ҚК-нің 324-б.), жалған құжаттарды, мөртанбаларды, мөрлерді, мөрқағаздарды, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу (ҚР ҚК-нің 325-б.), өйткені оларға өз мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін республика аумағында болғанын заңдастыру қажет.

Шетел азаматтарының республика аумағында болып жүріп лауазымдық қылмыстылыққа жол беру түрлері: қызметтік өкілеттігін теріс пайдалану (ҚР ҚК-нің 307-б.), пара алу (ҚР ҚК-нің 311-б.), қызметтік жалғандық жасау (ҚР ҚК-нің 314-б.), заңсыз көші-қонды ұйымдастыру (ҚР ҚК-нің 330-2-б.). Бірақ өкінішке орай, заңдастырмаған көші-қонға қарсы күрес, біріншіден, ТМД мемлекеттерінің арасында қалыптасқан рұқсатнама тәртібін жетілдіруді талап етеді.

Заң әдебиетінде экстремизмнің лаңкестікпен арақатынасы туралы сұрақ маңызды орын алады. Бұл жағдайда экстремизм мен лаңкестік ұғымдарының зерттеулердің көбісінде шатастырылатыны байқалады. Лаңкестік экстремистік әрекеттің бір нысаны болып табылады. Сонымен қатар лаңкестік қылмыстық күш көрсетудің бір нысаны ретінде болып экстремистік емес ұйымдардың қызмет шегінде қажет болуы мүмкін. Көп жағдайларда экстремизмнің күштеу сипаты мен оның қисыны да бар: шекті көзқарастардың бейілділігін болжамдайтын экстремизм, олардың жүзеге асырылатын шекті нысандарын да болжамдайды. Жеке авторлардың ой-пікірі бойынша, діни-саясаттық экстремизмге тән ерекшеліктердің бірі - өз мақсаттарына жету үшін күресудің күш көрсету әдістерінің басымдылығы /4/.

Осыған байланысты А. Киреевтің көзқарасы бойынша, заңмен тыйым салынған, қоғамға қауіпті, Конституцияға қарсы немесе әдепсіз іс- әрекеттер жасау экстремизмнің негізделген және бөлінбейтін ерекшелігі болып табылады.

Сондай-ақ, ашық демократиялық қоғамда саяси экстремизмге: 1) адамдарды класс, мүліктік, нәсілдік, ұлттық немесе діни белгілері бойынша бөлуге; 2) мемлекеттік идеология ретінде жалғыз сол идеологияны белгілеу, идеяларды, ағымдарды таратуға бағытталған әрекеттерді жатқызуға болады.

XX ғасырдың 90-шы жылдарының аяғында аймағымыздағы саяси тұрақтылығымыз үшін маңызды мәселелердің бірі Хизб-ұт-Тахрир партиясының (Азат ету партиясы) қызметі болды. Бұл, түбегейлі ұйымға мұсылман мемлекеттерінің көбісінде тыйым салынған болатын, бірақ сол уақытта кейбір Еуропа елдерінде, атап айтқанда Ұлыбританияда, заңды түрде қызмет етті. Онда жыл сайынғы конгрестер өткізілуде. Хизб-ұт-Тахрир партиясының бастауыш ұйымдары Өзбекстанда, Қырғызстанда белсенді түрде қызмет етсе, Қазақстанда да олардың қызмет ету фактілері де анықталған болатын. Айтарлық, 2000 жылы Түркістанда Хизб-ұт-Тахрир қауымдарының заңсыз қызметі ашылған болатын. Осы ұйымның біздің аймағымызда белсенді түрде қызмет етуі, Орталық Азияның демократиялық құбылыстарына маңызды қорқытушылық туғызады.

Мұсылман елдеріндегі қазіргі барлық саяси тәртіптер осы партия жақтаушыларының басты қарсыластары болып табылады. Олардың бағдарламалық мақсаты – бүкіл әлемнің барлық мұсылмандарын біріктіретін «Халифат құру жолымен ислам заңдылығына қайта келу». Бұл партия, діни бірлестік емес, бұл ислам идеологиясы мен діни үндеулерді пайдаланатын саяси ұйым болып табылады.

Қазақстанда терроризмнің қаупі туралы көптеген мақалалар мен ғылыми еңбектер жарық көрген болатын. Алайда осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы күрес саясатын қалыптастыру ерекшеліктері мәселесі кешенді зерттелген жоқ.

Қазақстанда тікелей терроризмнің болуына әкелетін саяси-әлеуметтік себептер жоқ. Бұлай болуы «терроризмнің міндетті түрде болуы мүмкін емес» деген қорытынды тудырмайды. Бірақ Қазақстан халқының біршама бөлшегінің сектанттық, діни экстремистік, кедейлік, жұмыссыздық жағдайында болуы және де маргиналды топтардың болуы - террористік күштерге, елдегі саяси күштерге тірек бола алуы ықтимал.

Айта келе, Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы күрес саясатын қалыптастыру, терроризмнен құтылу жолдарын іздестіру, зерттеу мәселесі ел қауіпсіздігін күшейтудің маңызды басымдылығы болуы тиіс деп айтуға болады.

Діни экстремизмді, терроризмді әшкерелейтін үгіт-насихат пен идеологиялық күрес қажет. Исламдық ел ретінде алдымен ислам дүниесі мен өркениетінің терроризм құбылысымен ешқандай идеялық мақсаттың ортақтастығы мен туыстығы жоқ екендігін жан-жақты сараптама мен зерттеулермен дәлелдеп көрсету міндет.

Қазақстанның мұсылман қауымы терроризмге қарсы күресті біріктіретін ұсыныстар мен бастамалар айтуы дұрыс деп санаймыз. Олар терроризмді ауыздықтау тетіктеріне және әдістемесіне байланысты болуы мүмкін. Мысалы, барлық ислам мемлекеттері қару-жарақ саудасын қатаң бақыласа, қаруларды қатаң тіркеуден өткізіп, қару қоймаларының күзетін күшейтсе, қару қоймаларындағы күзет пен тәртіпті күшейту экстремизм мен терроризмнен сақтанудың маңызды жолы болып табылатын еді. Осыған орай, діни экстремизмді уағыздайтын тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі бойынша тиісті тәртіпте тергеулік іс әрекеттер жүргізіледі.

Жалпы айтқанда, тергеулік әрекеттері – бұл қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді жинақтауға, яғни оларды табуға, алуға және бекітуге бағытталған әрекеттер деп танылады.

Айта кетерлік жай, жауап алу заты мынадай жағдайларды қамтиды:

- дәлелдеу затына кіретіндер;
- тергеудің аралық мақсаттарына жету үшін қажеттілер;
- дәлелдемелерді табуға көмектесе-тіндер;
- дәлелдемелерді тексеру және оларға баға беруге қажеттілер.

Жауап алудың мақсаты – толымды және шынайы көрсетулер алу. Айтарлық, мұндай көрсетулердің қалыптасу барысының психологиялық сипаты бар. Яғни, діни экстремизм сипатындағы қылмыс жасаған тұлғалардан жауап алу кезінде тергеуші көрсетулердің толымдылығы мен шынайлығына әсер ететін объективтік және субъективтік факторларды әлсіретуде көмек беретін соттық психологияға негізделген тактикалық тәсілдерді де білу керек.

Криминалистика пәні жауап алудың төмендегідей түрлерін ажыратады: жауап алынатын адамның іс жүргізулік жағдайына қарай – куәдан, жәбірленушіден, сезіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан, сарапшыдан жауап алу; діни экстремизмді насихаттап, уағыздайтын адамдардан, жазаны өтеу мекемелеріндегі сотталғандардан және шетел азаматтарынан жауап алу; жауап алуды жүргізу реті бойынша – алғашқы және қайталама, негізгі және қосымша; жауап алынатын адамның көзқарасы бойынша – жанжалдық емес жағдайда және жанжалдық жағдайда жауап алу /5/.

Айта кететін жайт, діни экстремизм қылмыстары үшін бұрын сотталған адамдардан жауап алудың өзіндік ерекше күрделілігі болатын. Мұндай адамдар бұрын жауап алуды басынан кешірген, сондықтан да олар бұл орайда тергеуде өзін қалай ұстаудың жолын біледі. Олар өздерінің бұрынғы өткен қылмыстық тәжірибесіне сүйене отырып, белгілі болған жағдайларды негізге ала отырып, тергеушімен кездесуге мұқият әзірленіп, беретін айғақтарын күні бұрын ойластырып алады. Мұндай адамдардан жауап алуға тергеуші де мұқият дайындалуы тиіс. Егер сезікті оқиға орнында ұсталмаған болса, онда М.Н. Хлынцов дұрыс айтқанындай, жауап алуды оның қылмысқа қатыстылығын дәлелдейтін куәлардың айғақтарынан және өзге де тергеулік әрекеттерден алынған жеткілікті дәлелдемелер болғанда ғана жүргізу керек /6/.

Демек, осындай тұлғалардан жауап алуды жоспарлау керек. Жоспар, әсіресе ісі көп көріністі, жауап алынатын адам шындықты айтпауға бет түзеп отырғандығы жайында мәлімет болғанда, сондай-ақ іс бойынша бірнеше сезіктілердің әрқайсысы әр түрлі айғақ бергенде аса қажет. Егер сезіктіден бұрын жауап алынған болса, онда одан жауап алудың жоспары сол бұрын берген айғақтарын ескере отырып жасалады.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, діни экстремизм мен терроризмнің нормативтік-құқықтық анықтамасын жетілдіру бойынша келесі ұсыныстарды тұжырымдауға болады: діни экстремистер мен террористердің жасайтын қылмыстарын мемлекет үшін қауіптілік төндіретін қылмыстардың ерекше түрі ретінде, мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның қауіпсіздігіне қол сұғатын және конституциялық құрылымның негіздеріне қарсы қылмыстар ретінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің баптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қарастыру қажет.

### **Әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. - Алматы: Атамұра, 2003. - 240 б.; Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Республика Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы //Қазақстан сарбазы. - 1997. - 4 қараша.
2. Экстремизмге қарсы әрекет ету туралы: ҚР 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 Заңы; Лаңкестікке қарсы күрес туралы: ҚР 1999 жылғы 13 шілдедегі №416-1 Заңы.
3. Амреева А.А. Діни экстремизм мен терроризмнің саяси-элеуметтік негіздері (Орта Азия мемлекеттері мысалынан): Саяси ғыл.канд. ... автореф.: 23.00.02. - Алматы: ҚазҰПУ, 2005. - 27 б.
4. Бахин В., Когамов М.Ч., Карпов Н. Допрос на предварительном следствии. - Алматы, 1999. - С. 147.
5. Еркінов С.Е., Сұлтанов С.И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы / проф. Е.І. Қайыржановтің редакциясында. – Алматы, 2002. - 228 б.
6. Хлынцов М.Н. Расследование половых преступлений. – Саратов, 1971. – 152-б.

## **Түйін**

Мақалада діни экстермизммен және терроршылдықпен күресу сұрақтары, сондай-ақ экстремистердің тергеу әрекеттеріне, атап айтқанда жауап алуға қатысуы сұрақтары қарастырылған.

## **Резюме**

В статье рассматриваются вопросы борьбы с религиозным экстремизмом и терроризмом, а также участие экстремистов при осуществлении следственных действий, в частности при проведении допроса.

## **Summary**

In the article questions of combat against religious extremism and terrorism, as well as participation of the given categories of persons in the course of investigation, in particular during the interrogation are considered.

## **ОСОБЕННОСТИ ОБЪЕКТИВНЫХ ПРИЗНАКОВ СОСТАВА ПРЕСТУПЛЕНИЯ, ПРЕДУСМАТРИВАЮЩЕГО ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НЕБРЕЖНОЕ ХРАНЕНИЕ ОГНЕСТРЕЛЬНОГО ОРУЖИЯ**

*Иманбаев С.М.,*

*начальник кафедры уголовного права и криминологии Карагандинского юридического института МВД РК им. Б. Бейсенова, кандидат юридических наук, доцент*

Уголовная ответственность за небрежное хранение огнестрельного оружия предусмотрена в ст. 253 УК РК.

Общественная опасность рассматриваемого преступления определяется тем, что небрежное хранение огнестрельного оружия создает условия для причинения тяжких последствий лицами, не имеющими навыков обращения с оружием, проявившими любопытство, получившими к нему доступ /1, с. 626/.

При анализе состава преступления, предусматривающего ответственность за небрежное хранение огнестрельного оружия, установлено, что основным объектом преступления выступает общественная безопасность в области обращения огнестрельного оружия. Дополнительным объектом выступают жизнь и здоровье людей /1, с. 627/, иногда – собственность.

Предмет преступления - любое огнестрельное оружие. Необходимо отметить, что уголовная ответственность за небрежное хранение боеприпасов, взрывчатых веществ, взрывных устройств или холодного оружия по действующему законодательству не предусмотрена. Вместе с тем, как показал опрос сотрудников судебно-следственных органов, в ст. 253 УК РК необходимо внести дополнение, предусматривающее ответственность за небрежное хранение боеприпасов, взрывчатых веществ и взрывных устройств. За введение подобного дополнения, расширяющего перечень предметов рассматриваемого преступления, высказались 87% опрошенных, а 15% опрошенных указали, что необходимо предусмотреть ответственность и за небрежное хранение холодного оружия. Такое решение обусловлено тем, что, как правило, огнестрельным оружием можно причинить вред жизни и здоровью, когда оно заряжено каким-либо видом боеприпасов. Боеприпасы или взрывчатые вещества могут храниться при огнестрельном оружии или в непосредственной близости с ним, что свидетельствует о повышенной общественной опасности указанных предметов. Нельзя не заметить, что небрежное хранение в итоге ведет и к хищениям боеприпасов, в связи с чем предложение о